

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turkic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkalieva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Мағжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ
LINGUISTICS AND METHODICS
ЛИНГВИСТИКА И МЕТОДИКА



XҒТАР 16.41.51

Гулия Алиханқызы¹, Гүлжан Ахметбек²

¹Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹a.guliya@mail.ru, ²akhmetbek.gulzhan@gmail.com)

Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістері

Аңдатпа. Бұл мақалада қытай тілін бүгінгі заман талаптарына сай, жаңа бағыттағы үлгіде оқыту мәселесі қарастырылады. Қытай Халық Республикасы бүгінде алдыңғы қатарлы дамушы мемлекеттердің бірі. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарының бәрінде алыс-жақын шетел тілдерін үйрету қолға алынып, әлемдік стандарттарға сай жаңаша жабдықталған оқыту әдістемелермен оқытылуда. Осыған орай жастар арасында қытай тілін үйренудің ерекшеліктері, тіл үйренудегі бастапқы білімге аса көңіл бөлу, есте сақтауда дұрыс әдіс-амал тәсілдері ұсынылады.

Қытай иероглифтерін есте сақтау тәсілдері мен санаға сіндіру, тілді сөйлеу мен жазу арқылы меңгерту көзделген. Әлемдік шет тілді оқытудың озық үлгілері қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру, қытай тілі, ұлттық деңгей, үштілділік саясаты, қазақ тілі, орыс тілі, әдістер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-107-115>

Кіріспе. Тіл үйрену, соның ішінде қытай тілін үйрену көрші ел болған Қазақстан үшін өте маңызды. Тіл үйрену үшін біріншіден, орта; екіншіден, тіл үйренуге қызығушылық, әуестік керек; үшіншіден, тіл үйренудің әдіс-тәсілдерін меңгеру қажет. Қытай тілі типологиялық жағынан дара өзіндік қасиеті бар, тілдер тобына жатады.

Мәселенің зерттелуі. Қытай тілінің фонетикасын қытай пиньин әріпімен, қытай тілі лексикасы ретінде қытай иероглифтері (汉字 hanzi) құрайтын таяқшаларынан, одан соң басты бөліктері арқылы қытай иероглифтеріне (汉字 hanzi) қол жеткізсек сөз қорын дамытсақ ары қарай грамматикалық білім тұрғысынан қытай сандық сөздерінің қытай тілін үйренуде өзіндік мақсаты мен ерекшеліктері бар екенін анықталды. Қытай тілін үйренуге оқытушының көмегіне сүйене отырып, білім алушының алдына мақсат қойып, табандылық және жауапкершілік көрсетсе аталмыш тілді белгілі деңгейге толық меңгеруге болады. «Кез-келген тілді меңгеру сол тілдің әліпбиін үйренуден басталады. Қытай тілі де солай. Қытай тілінде әріптің дыбысталуы және ол дыбыстардың мәнерлеп оқылуына басты назар аударылады. Әрбір сөйлемнің оның қандай байланыс түріне қатыстылығы ескеріліп, мәселен: лепті, сұраулы сөйлем екендігіне байланысты сөйлемге

берілетін екпін де өзгеріп отырады. Әрине, бұл қазақ тіліне де тән құбылыс. Дегенмен, қытай тілінің ерекшелігі бар. Мұнда әрбір сөз бен сөйлем түрлі ритмдік-мелодиялық құрылымға бағынады» [1, 105 б.].

Зерттеудің методологиясы. Қытай тілінің негізгі ерекшеліктері деп сөздердің морфологиялық, яғни, тұлғалық өзгерістерге түспеуін, сөздердің орын тәртібі және көмекші сөздер арқылы грамматикалық мағына білдіруін, сандық сөздер ерекше көп қолданылуын атауға болады. Жүйесі бір-біріне ұқсамайтын тілдердің негізгі ерекшеліктерін салғастырмалы зерттеудің жалпы тіл білімімен қатар, шет тілдерін оқыту жұмыстарында да мәні зор, маңызды. Бір тілді екінші бір тілмен, әсіресе генетикалық жағынан бір-бірінен алшақ жатқан тілдерді контрастивті түрде салыстырудың лингводидактикалық мәні шетел тілін оқу мен оқыту кезінде олардың ұқсас сипаттарын тани отырып және таныта отырып, ерекшелік жақтарын саналы түрде пайымдаудан көрінеді.

Қытай тілін оқыту әдістемесі – оқытушының студенттермен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті. Бұл шетел тілін оқыту процесінің тиімділігін арттырады, студенттің жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ашуға және оның шетел тілін мәдениет аралық қарым-қатынас ретінде меңгеруіне бағыттайды. Педагогтар оқыту процесінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдануы процесінің тиімділігін жоғарылатады. Қытай тілінде білім беру мазмұны – оқушылардың сөз қатынасының жаңа тәсілі ғана емес, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Педагогикалық тұрғыдан тіл білімін, іскерлік, дағдылардың, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, коммуникативтік қызмет саласы, мәтіндер әлеуметтік рольдар жиынтығы немесе жүйесі болмақ. **Оқу жоспары** – оқу жылының, қытай тіліне тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір сыныптардағы оқу тәртібі және мерзімі бойынша әр пәнге бөлінетін, сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат. **Оқулық** – оқу бағдарламасына сай қытай тілі пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап. **Оқыту** – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. **Оқыту** – қазіргі заман талаптарын ескере отырып, оқушы тұлғасын, білім, іскерлік, дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалаптастару мен дамыту процесі. **Оқыту процесі** - бұл білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған, оқытушы мен оқушыарасындағы мақсат бағдары өзара байланысты іс-әрекет болып табылады.

Жоғардағы талапқа сай, қытай тілін жеңіл әрі сауатты үйрену үшін, аудио жазбалар және суреттерге қарап, қытай тілінде сөйлеу, заттармен танысу интерактивті тәсілдері қолданылады.

«Дүниежүзінде әрбір ұлттың, елдің өз ана тілі болатыны белгілі. Ана тілі - адамзатқа өзінің жерінің жігерімен, халқының қанымен, анасының сүтімен даритын құбылыс. Туған тіл белгілі бір ұлттың бірегейлік пен өміршеңдігінің негізі» [2.43 б.] -деген ғылыми пайымға сүйенер болсақ, қазіргі таңда экономикасы дамыған қытай тілінің өміршеңдігімен, ерекшелігін тіл үйрету барысында бағалап, оқыту үрдісіне ендіре білгеніміз абзал.

Мәселенің талдануы мен нәтижелері. Қытай тілін меңгеру үрдісі көбіне шет тілдер жүйелерінің арасындағы айырмашылықтан гөрі оқытудың жеке алғы шарттарына қатысты. Тілдің екі жүйесін салыстыруға әдістемелік сілтемені оқушының еркін сезінуіне ықпал ететін оқытудың мазмұны мен технологияның пайдасына қысқартқан жөн. Білімалушылар тілді үйрену мен сол тілде сөйлесудің, оқи алудан бастап өз тілдік құралдарды пайдаланумен қиын жағдайдан шыға білуге түрлі стратегиялар мен технологиялар мен меңгеруге тиіс. Қытай тілінің грамматикасына үйретудің басты мақсаты – оқушыда осы тілге тән ерекше механизмдерді қалыптастырып, осы механизмдердің

кез-келген уақытта жұмыс істеуіне дайын болуына әсер ету. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалімнің негізгі міндеті – тілдік грамматиканы студенттің басында қалатындай етіп ұғындыру.

Ең алдымен **грамматика** дегеніміздің өзі – *сөздерді біріктіру, сөйлем құрау немесе сөйлеу ережесі* деген қағидаға бағынады. Ал **қытай тілі грамматикасы – қытай тілінде сөйлем құрау немесе сөйлеу ережесі**. Грамматиканы үйретуді өзіндік мақсат ретінде емес, сөз түрлендіру, сөзжасам, сөздердің орын тәртібін меңгерудің амал-тәсілдері ретінде қарастыру.

Жалпы грамматика – тілдің маңызды факторларының бірі. Ол сөз бен сөйлемдердің құрылу ережелері мен факторларын түсіндіреді. Грамматика ауызша тілде де, жазбаша тілде де құрылыс материалының функциясын атқарады. Грамматика – тілдің қаңқасы. Осы қаңқа арқылы ғана барлық сөздер, мәтіндер, сөйлемдер өз жұмысын дұрыс атқара алады. Грамматика – бұл тірі тілдің қанайналым жүйесі, «Шет тілі» деп аталатын құрылыстың фундаменти. Грамматиканы географиялық карта, көшеде жүру ережелерінің белгілері, әртүрлі кесте, схемалармен салыстыруғв болады. Шетел тілі грамматикасын оқып-үйрену адамға туған тілінің грамматикасын жетік меңгеруге көмектеседі.

Грамматика – грек сөзі «*жазу шеберлігі*» дегенді білдіреді. Байырғы грек грамматистерінің мақсаты сөзді орфографиялық тұрғыдан сауатты жазуға, стильдік тұрғыдан дұрыс қолдануға үйрету болатын.

Грамматика тілдік бірліктердің арасындағы қатынастарды, сол қатынастарды білдіретін формаларды, олардың тілдегі жасалу тәсілдерін зерттейді.

Грамматика томаға-тұйық жүйе емес. Ол тілдің басқа да салаларымен, атап айтқанда, лексика, фонетика және стилистикамен тығыз байланысты.

Грамматика (语法) тіл құрайтын маңызды факторлардың бірі. Біз қазіргі заман қытай тілін үйренгенде міндетті түрде тіл дыбыстарын, қытай иероглифтерін (қытай тілінің жазу таңбалары), сөздік қорды игеруден тыс, оның грамматикалық ерекшеліктерін жеттік меңгергенде ғана қытай тілінде сөз-сөйлемдер құраудың негіздік қағидаттарын білген боламыз. Қытай грамматикалық бірліктерінің ең кішкене бөлігі – **фонема** (音位). Бірақ, грамматикалық құрылымдарды талдаған кезде, фонема сынды осындай кішкене бірлік қазіргі таңда қолданыстан қалып қойды. Өйткені, ол мағынасы жоқ тілдік форма, бар болғаны таңбаларды құрайтын материал ғана [4, 9 б.]. Оның есесіне грамматикалық талдау морфемадан (语素) басталады. Қытай иероглифтерінің басым көп сандысы бір буынды (单音节), айталық: 民、桌、子、学 т.б.с.с. жеке әріптер болып, өз алдына бір морфеманы құрайды. Ал аз сандылары көп буынды (多音节) болады, мысалы: 玻璃、葡萄、巧克力 т.б. Мұндағы қос немесе үш буынды әріптерді жеке-жеке бөлгенмен, олардың мағынасы болмайды. Мысалы: 玻+璃、葡+萄、巧+克+力. Осындай бір буыннан ажыратар болсақ, аталмыш атаудың мәні жойылады. Жеке тұрып, сөйлем бола алатын морфеманы әдетте, еркін морфема (自由语素), жеке тұрып, сөйлем бола алмайтын морфеманы қосалқы морфема (粘着语素) дейміз. Сол себепті, олар қытай тілінің ең кішкене дыбыс пен мағынадан құралған тұлға, әрі ең кішкентай грамматикалық бірлік болып есептеледі.

Тілдің қағидаларын пайдалана отырып, сөздерді біріктіргенде, тіл – қарым-қатынас құралы бола алады.

- | | | |
|---------|---------|---------|
| 1) 我买书了 | 2) 书我买了 | 3) 我买了书 |
| 4) 我书了买 | 5) 买了书我 | 6) 我了买书 |

Жоғарыда мысал ретінде келтірілген алты сөйлемнің барлығы да мына төрт «*我*» «*了*» «*买*» «*书*» иероглифтерден құралған. Алайда, адамдар (1) (2) (3) сөйлемдерді пайдаланады да, (4) (5) (6) сөйлемдер моделін қолданбайды. Себебі, алдыңғы үш сөйлем

белгілі грамматикалық қағидаға сәйкес, кейінгі үш сөйлем еш ережесіз құрылған. Жоғарыдағы (1) (2) (3) үш сөйлемнің айтылуы бір болғанымен, мағыналары түрліше. Мұның себебі – осы үш сөйлемге негізделген грамматикалық қағидалар әртүрлі. Біз грамматиканы үйрену барысында осы қағиданы негізге аламыз. Былайша айтқанда, қытай тілінде дұрыс сөйлем құрауды үйрену – маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Фразеологизм туралы көптеген еңбектерді қарастыра отырып, фразеологизмдердің үш негізгі белгісі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Олар: құрылым тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолданылу тиянақтылығы. Аталған белгілердің қатарында фразеологизм бейнелілігі айтып көрсетілмеген, дегенмен бұл да фразеологизмнің бір белгісі екендігін айтып көрсеткеніміз жөн болар. Себебі бейнелілік те басқа белгілер сияқты ерекше рөл атқарады. Фразеологизм тұтастығы жай ғана қарапайым тұтастық емес, айшықты, мәнді, мәнерлі тұтастық.

Қай ұлттың болмасын сөздік қорында бір мағынаны білдіретін жеке сөздерден өзге, бір-бірімен қосылып, не жалғасып келіп, тұтас бір ұғымда қолданылатын сөз тіркестері болады. Яғни, бір сөзбен айтқанда, ол- фразеологизмдер. Әр ұлт тілі өзіндік сөздік қорымен ғана ерекшелене қоймай, өз бойында ұлт мәдениетін, тәрбиесін, тарихын қамтиды. Сондықтан да қай ұлт болмасын ұлттың тілін үйрену үшін, мәдениеті мен тарихын да жетік білу қажет. Фразеологизмдер соған мысал бола алады. Себебі фразеологизмдер қанша жылдан бері тарих пен мәдениет арқасында пайда болған ғылымдардың бірі. Қытай тіліне де, қазақ тілі сияқты фразеологиялық қордың бай болуы өте маңызды. Қытай тілінің фразеологизмдері – ұлттық компонентті білдіруші, құраушы, өткеннің мұрасы. Қытай фразеологизмдерінде байқайтын болсақ, нефрит, айдаһар, халыққа әйгілі қаһармандар атаулары көп қолданылады. Әрине, нейтралды фразеологизмдер де бар, дегенменде аталған айдаһар, нефрит сияқты атаулар осы ұлттың мәдениетімен де, тарихымен де өте тығыз байланысты. Қытай тілінде фразеология жеке ғылым ретінде бөлінбейді, оны лексикология құрамында қарастырады, сондықтан олар сөздіктерге сөздермен қатар енгізіледі, бұл оларды іздеуді жеңілдетеді. Фразеологияның зерттеу нысаны фразеологиялық құрылымдар, яғни тілде қалай қалыптасса, біздің жадымызда қалай сақталса, солай айтылатын тұрақты сөз тіркестері.

Қазіргі қытай фразеологиясында жалпы фразеологизмдер 熟语 терминімен аталады. Атақты қытай лингвисті Ма Гофань фразеологизмдердің бес негізгі түрін бөліп көрсетеді: чэньюй (成语) – *идиома*; яньюй (谚语) – *мақал*; сехоуюй (歇后语) – *астарлы сөздер*; гуаньюньюй (惯用语) – *фразеологиялық тіркес*; суюй (俗语) – *мәтел*. Фразеологиядан жазылған соңғы еңбектерде *мақал мен мәтелді ортақ яньюй (谚语)* терминімен атайды.

Қытай фразеологизмдерінде бірқатар стилистикалық әдістер қолданылады және оларға өзіндік құрылымдық-семантикалық, құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктер тән. Бұл ерекшеліктер олардың шығу тегіне, күнделікті өмірде қолданылуына байланысты сан алуан болып келеді. Олардың әрқайсысына жеке тоқталу қажет.

Қытай тіліндегі қызықты ерекшеліктердің бірі – чэньюй идиомаларының болуы. 成语 аударғанда «*дайын өрнек*» дегенді білдіреді. Ол сөйлеу барысында жасалмайды, даяр күйінде қайталап айтылады, мағынасы тұтас, құрылымы тұрақты, образдылыққа ие. Құрылымдық-семантикалық тұрғыдан чэньюйлер идиома болып табылады. Қытай тілінде олардың саны өте көп болғандықтан, нақты санды айту қиын. Арнайы сөздіктерде 3000-нан астам түрі енгізілген.

Қытай тілінде бұл идиомалар көп жағдайда тұрақты төрт иероглифтен құралып, тұтас бір аталы ойды білдіреді және қалыптасқан төрт иероглифтің орнын ауыстыра алмаймыз. Өйткені оның мағынасы мүлдем түсініксіз, ойымызға қарсы ұғымның да қа-

лыптасуы әбден мүмкін. Әрбір қытай идиомаларының өз тарихи аңызы бар, және де бұл қазақ фразеологизмдерінен ерекшеленетін ерекшеліктің бірі. Кез - келген идиоманың тарихының тереңде жатқандығына дәлел ретінде оның аңыздағы қолданысын, не болмаса тарих беттерінде жазылып қалған жылнамалардан және романдардан, өлең-жырлардан тауып кезіктіруге болады. Мысалы, «画蛇添足» деген төрт иероглифтен тұратын идиоманы мысалға алатын болсақ, бұл қазақ тілінде сөзбе-сөз «жыланға аяқ салу» - деп аударылады. Бұл идиоманың аңызы былай қалыптасқан: бір күні барлық достар бірге жиналып, демалып, шарап ішіп отырған еді. Олар кешті көңілді өткізу үшін, өз арасында бір-бірімен жарыс ұйымдастырды. Жарыс шарты бойынша кімде-кім тез уақыт аралығында бірінші болып жылан салып үлгерсе, сол мына шөлмектегі шараптың барлығын өзі ішеді деген екен. Жарыс басталып, жиналған қауымның арасынан бір адам бірінші болып жыланды салып болады, бірақ, басқалардың әлі де жыланды салып жатқандықтарын көріп, әлі уақыт бар, үлгеремін деп ойлап, жыланға аяқ салмақшы болады, аяқ салып әлек болып жатқанда кезде, басқа адам жыланды салып үлгереді. Нәтижесінде сол адам шөлмектегі шарапты ішеді де, жыланға аяқ салмақшы болып әлек болған адам құр қалады. Бұл идиоманың мағынасы: жақсы жасаймын деп асыртып жіберу, асырып жасаймын деп, кесірін тигізу. Қазақ тілінде сөзбе-сөз мақалмен айтар болсақ, «артық қылам деп, тыртық қылу»-деген мағынаға ие [2, 423 б.].

Осылайша, жоғарыда атап өткеніміздей чэньюйлердің көпшілігінің шыққан тегінің қайнар көзі қытай классикалық әдебиеті, яғни философиялық өсиет әңгімелер, аңыздар, мақалдар жатқызады.

Оның тағы бір дәлелі Жанго дәуірінің (453-221ж. б.д.д.) жазба ескерткішіндегі 图穷匕见 tu qiong bi xian «карта ашылды, қанжар анықталды» тұрақты сөз тіркесі. Осы аталған тұрақты сөз тіркесі Сыма Цяннің «Соғысушы патшалықтар жоспары» (战国策) және «Тарихи жазбалар»(史记) еңбегінен алынған.

«Соғысушы патшалықтар жоспары» деген еңбегінде атақты дипломат Цзин Кэ Янь бектігінің билеушісінің әмірімен б.д.д. 227 жылы көп ұзамай Қытайдың ең бірінші императоры болған Шинь бектігінің билеушісі Шинь Шыхуанға қастандық жасайды. Цзин Кэ елші ретінде шекара мәселесі бойынша туындаған шиеленісті шешу үшін өзімен ішіне қанжар салынған карта алып Шинь бектігінің билеушісіне барады. Шинь бектігінің билеушісі картаны ашып, қанжарды көріп қалады. Цзин Кэнің қанжармен өлтірмекші болған жоспары сәтсіз аяқталып, ол өзі дарға асылып өлтіріледі.

Кейін Сыма Шянь «Тарихи жазбалар» атты еңбегінде «秦王发图, 图穷而七» - «Цинь билеуші картаны ашқан кезде қанжарды көрді» - деген сөз орамын жазып кеткен. Осы сөз орамы төрт сөзге дейін қысқарып, тілде чэньюй ретінде қалыптасты. Чэньюйдің ауыспалы мағынасы – «құпия жоспар ашылды; жасыру мүмкін емес».

Кей жағдайларда чэньюйлердің қалыптасуының қайнар көзі мақалдар да бола алады. Мысалы: 本性难移 ben xing nan yi «өз мінезінді өзгерту қиын». Бұл чэньюй 江山易改, 本性难移 jiang shan yi gai, ben xing nan yi «Сүтпен келген сүйекпен кетеді» мақалының қысқартылған түрі.

Қытай қоғамында қара халықтың арасында пайда болып, ауызекі тарап отырған тұрақты сөз тіркесін 俗语 «суюй» терминімен белгілейді, яғни сөзбе-сөз, қарапайым сөз. Кең мағынадағы яньюй терминіне халық арасында тараған, қарапайым ауызекі тілдегі, құрылымының тұрақтылығымен және ықшамдылығымен сипатталатын халықтық сөздердің барлық түрлері жатады. Ал, шектелген яньюй түсінігіне тек мақал-мәтел кіреді. Сондықтан сөзімізге дәлел болу тұрғысында 八字还差一撇 bāzì hái chā yī piē деген тіркеске тоқталайық. Бұл сөйлемді қазақшаға аударсақ, істеу керек бір шаруаны әлі баста-

мағанды білдіреді. Қазақтар кейде, «мұртында шалған жоқ» - деп жатады. Мақалдың өзі анық аңғартып тұрғанындай, сегіз деп тұрған йероглифтің бір сызығы да әлі жазылмады дегенді білдіретеді [3].

Әйгілі ойшыл КуңЗының «Луньюй» еңбегінен алынған мынандай мақал бар: 三人行必有我师 san ren bi you wo shi «Басқалардан әрқашан үйренетін нәрсе бар» (Бірге кетіп бара жатқан үш адамның ішінде, менің ұстазым бола алатыны бар).

